

## **№ 1 «Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасы**

**2023-2024 оқу жылдарындағы жоғары оқу орындарынан басқа білім беру үйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру аясында үйымдастырылған «Әлі талай жыр болып жазыларсың» атты мерекелік іс – шара.**



## **М. Мақатаевқа арналған әдеби – сазды кеш «Әлі талай жыр болып» жазыларсың»**

Кештің мақсаты:

Ақын ақын, артына айрықша өшпестей із қалдырған Мұқағали Мақатаевтың өмірі мен шығармашылығына шолу жасау. М.Мақатаевтың өлеңдері мен әндері арқылы адамзатты елжандылыққа тәрбиелей отырып, поэзия әлемінің сырын ашу.

Бүгінгі іс шарамыз 4 бөлімнен тұрады:

1. Тақырыпты ашу, таныстыру /слайд түрінде/
2. «Жырлайды жүрек» /Ақынның өлеңдерін жатқа оку/
3. «Таланттыңды таныт» Ақынның сезіне жазылған өлеңін орындау
4. «Сұрақ – жауап» айдары

Кештің көрнекілігі: М.Мақатевтың суреті, ақынның шығармасы мен өміріне арналған көрме. Видео сюжеттер, слайд, сазды әуен.

**Жүргізуши:** Армысыздар қадірлі ұстаздар мен құрметті қонақтар. Жыл керуені алға жылжыған сайын Мұқағали Мақатаевтың артына қалдырған өшпес мұрасы, жарық жүлдүздай қаранды түннен сәуле шашқандай жарқырайды. Абай үндес Мұқағалидай перзенті бар біздің халық шынымен де бақытты. Мұқағали – ғажайып, сыршыл ақын. Оның өлеңдерін оқыған сайын ақиқат пен сезім, сананың бірлігі көнілге ұялайды.

Ендеше, ақын ақынның шығармашылығына арналған «Әлі талай жыр болып жазыларсың» атты жыр кешімізді бастаймыз.

**Жүргізуши:** Аламан бәйгеде оза шауып, өлең- жырда шашасына шаң жүктырмаган ерен жүйрік, талантты тұлға Мұқағали ақынның өмір жолы әр алуан. Оны біріміз білсек, біріміз білмейміз. Олай болса қыран тағдырлы ақын Мұқағали Мақатаевтың өмір жолынан деректерге назар аударайық.

/ Интерактивті тақтадан Мұқағали Мақатаев туралы бейнеролик жүреді./

Ақын ақын 1931 жылдың 9 – ақпанында Алматы облысы, қазіргі Райымбек ауданы, Қарасаз ауданында дүниеге келген. Мұқағалидың әкесі Сүлеймен

шаруа адамы болған. Бастауыш сыныпты Қарасазда оқып, орта мектепті Нарынқолда интернатта оқып бітіреді. Мектепте оқып жүрген кезінде ең алғашқы өлеңдерін жазып бастаған.

1948 жылы орта мектепті бітірісімен мәдени – агарту саласында түрлі қызметтер атқарады. Мектепте әдебиет сабакында сабак берді. Аудандық газетте әдеби қызметкер болып істейді. Ол 1962 жылы Алматыға қоныс аударып, әдеби ортага етене араласа бастайды. Алматы шет тілдері институтының неміс тілі, Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетінде оқып, Мәскеудегі М.Горкий атындағы әлем әдебиеті институтында білім алады.

Мұқагали Алматыдағы қазақ әдебиеті мен өнерінің қаймақтары шоғырланған ортада өткөрген аз ғана жылдар ішінде өзіндік дара үнін, қайталанбас дарынын танытып, өнімді еңбектене білді. Көзінің тірісінде жарияладап үлгерген жыр жинақтары:

«Ильич» 1964, «Армысындар достар» 1966ж, «Қарлығашым келдің бе?», «Мавр» 1970ж, Аққулар ұйықтағанда 1973ж, Шуағым менің 1975ж.

Иә, ақын туралы бүгінгі таңда естеліктер де жазылып, лебіздер айтылуда. Бірақ ақын туралы айтқанымыздан айтпағанымыз көп. М.Мақатаев туралы көбірек білгіміз келсе, оның өлеңдерін оқыық. Жоғарыда атап өткеніміздей ақынның тырнақалды туындыларының бірі «Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді.

**Орындаитын: Бирмагамбетова Алия**

**Жүргізуши:**

Айтылар естеліктер мен туралы,  
Біреулер жан еді дер өр тұлғалы.  
Біреулер тұлпар еді деуі мүмкін,  
Бүтінделмей кеткен бір ертүрманы.

Өмір – сырға толы, қызық әлем. Жүрекке бірде қуаныш сыйлап, бірде еріксіз мұнға бөлейді. Өмір – курес, өмір – дастан. Жалғанның барша қындығы өтпелі екендігі ақынды бейжай қалдырмайды. Өмір туралы ақынның мына бір өлеңіне кезек берсек.

**«Ей өмір» орындаитын: Алия**

**Жүргізуши:** Ардағымсың, әкетайым асқарым,  
Қанатымсың, бар байлыгым, аспаным.

Сенің арқаң бүгінгі күн көргенім,  
Жанымдасың керегі не басқаның, -

дегендей әкенің орны бір бөлек.

**«Әке» Орындаитын : Гүлдана**

**Жүргізуши:** Тұған жерге, елге, халқына, Отанына, ана тіліне деген махаббат сезімі ақын ретінде оның басты тақырыбы еді. Ол өзінің ұлтын, тұған тілін ерекше құрметтеді.

**«Үш бақыттым» орындаитын: Малика**

**Жүргізуши:** Поэзия, менімен егіз бе едің – деп өзі жырлағандай, М.Мақатаев өлең жазып қана қоймай, өз өлеңдерін шебер оқи алған ақын. Ол біраз уақыт Қазақ радиосында диктор болып та қызмет етеді. Оның дауыс ерекшелігін, оқу мәнерін қазақтың Левитаны атанған Әнуарбек Байжанбаев жоғары бағалап, өз бағасын береді. Ендеше ақынның өз дауысын естіп көрейік.

/Интерактивті тақтадан бейнеролик жүреді /

### -----**ӨЗ ДАУЫСЫ**-----

**Жүргізуши:** Осы өлеңдерін тындай отырып, мәнерлеп оқудың не екенін шын мәнінде түсінесің. Ерекше дауыс тазалығы таң қалдырып, тындаушыны өзіне баурайды. Ақын шеберлігі балаларға ғана емес, ұстаздар қауымы бізге де көп нәрсені үйретеді.

Әйел – ару, әйел – жар,

Әйел ана әлемге.

Әйел дастан, әйел жыр, - деп

Әйелдер жайлы айтылатын әңгіме де, қозгалатын тақырып та көп. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аналар, әйелдер қауымын Мұқагали өз тақырыбына арқау етті.

### **«Әйелдер – ай» Орындаитын: Айдидар Мамбетиярова**

**Жүргізуші:** Өлең өнер, өлең дерт, оны тұа біткен дарын иесі, шын талант қана өмірge әкеледі. Ақын әкелген әрбір сөз жүректерге ән болып, әуен болып жетіп жатады. Оның өлендері – таңғы шықтай мөлдір, сырлы әуендей.

Адамның ең ұлы қасиеті бақытты болуга талпынуы. Бірі бақытты байлықтан іздесе, ал енді бірі бақытты басқа нәрселерге теңеп жатады. Ал шын мәнінде «Бақыт деген не өзі?» Оны Гүлжазирадан сұрап көрейік.

### **«Бақыттың менің алыста» Орындаитын: Мария**

**Жүргізуші:** Ғашықтық – шетсіз, шексіз әлем. Махабbat – ақындардың жырында, күйшілердің күйінде, әншілердің әнінде шырқалады. Мұқағали - махаббаттың символы. Оның өлендері талай жаралы жүректерді емдеп, ғашық жүректерді табыстырған. Мұқағалидың «махабbat» тақырыбында жазылған өлендерін естігендеге тебіренбейтін жан жок шығар, сірә.

Бүгінгі кешімізде ақынның өлендерін оқумен қатар, оның сөзіне жазылған тамаша әндерді де тыңдай аламыз.

Тыңдал жүрген жанымызға жақын әндердің көбінің сөзін М.Мақатаев жазғанын бірі білсе, бірі білмейді. Кезекті осы әсем әндерге берейік.

### **«Мен ғашықтың» Орындаитын: Сансызыбаева Айжан**

### **«Сен менің» Орындаитын: Базарғалиева Қарлығаш**

**Жүргізуші:** Айтылмаған Мұқанды арман бар ма?

Әрбір әні толы ғой армандарға

Шерте білген мұндарын жас қайыңға

Дәл Мұқандай қазақта ақын бар ма? –

деп бүкіл саналы өмірінде елінің болашағын жырлап өткен, халқына деген махаббатын поэзияда ғана емес, өмірде де күресте де үлкен азаматтықпен қорғай білген М.Мақатаев мұралары ешқашан өлмек емес және оны жаттап өту біздің парызымыз. Жылдар тізіліп өткен сайын Мұқағали ақынның бейнесі тұлғалана, биіктей түседі. Оның рухани қазынасын ұлт иелігіне асыратын XXI ғасырдың жастары – ол біз.

Ақынның кезекті өлеңі «Не деген керемет күн» орындайтын: Раушан

**Сұрақ – жауап.**

- 1. М.Мақатаевтың шын аты? /Мұхамметқали/**
- 2. Ақынның тұңғыш өлеңі? /«Қырман басында», /«Қойшы бала – Экітай»/ 1949ж**
- 3. Ақынның анасының есімі? /Нагиман/**
- 4. М.Мақатаевтың ақын досы? /Шәміл/**
- 5. Ақын мұражайы қайда орналасқан? /туған жері Қарасазда/**
- 6. Майгүлге өлеңін кімге арнаған? /қызына/**
- 7. М.Мақатаевтың «Саржайлау» өлеңіне ән жазған композитор? /Н.Тілендиев/**
- 8. «Дариға домбырамды берші маған» өлеңі кімге арналған? /Н.Тілендиевтің жары Дариғага/**
- 9. Мұзбалак ақын неше жаста дүниден өтті? /45 жаста/**
- 10. «Аманат» жинағы қай жылы жарық көрді? /(1999 – 2000 ж.ар) – 70 ж орай/**
- 11. Ақынның жары кім? /Лашын Әзімжанова/ / Ләзима/**
- 12. Ақынның балалары? /Ләzzат, Майгүл/, Жұлдыз (1953ж), Алмагүл (1958ж), Айбар (1960ж), Шолпан (1966).**
- 13. Ол қай жылы үйленді? /1949/ / 18 жасында/**
- 14. Ақын алғаш еңбек жолын қандай мамандықтан бастады? / орыс тілі мұғалімі/**
- 15. Ақын неше жасында өлең жаза бастайды? /14 – 15 жаста/**
- 16. Ақынның алғашқы жыр жинағы неше жасында шықты? /33 жаста/**

**«Гасыр ақыны» атанған Мұқағали жырлары жылдан – жылға, гасырдан – гасырға жалғаса бермек! Мұқағали – мәңгілік өмір!**

**Жүргізуі:** Міне, кешке қатысқан тыңдарман қауым Мұқағалидың сырлы, әуенді, мұнды жырларына қанық болдыңыздар деп ойлаймын. Бүгінгі кешіміз өз мәресіне жетті. Жақсы күндерде жолыққанша.